

*«Зейнетақы активтерін басқару тиімділігі»
тақырыбына арналған
ҚРҰБ Монетарлық операциялар департаментінің
директоры Н.А. Тұрсынхановтың
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының
Қаржы және бюджет комитеті мүшелерінің
кездесуіндегі баяндамасы*

**Сәлеметсіз бе, құрметті депутаттар мен кездесуге
қатысушылар!**

*Ұлттық Банктің басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің
ағымдағы жай-күйі туралы ақпараттан бастауға рұқсат етіңіздер.*

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы активтері **22,4 трлн** теңгені құрап, 2024 жылы **4,6 трлн** теңгеге немесе 26%-ға ұлғайды. 2014 жылдың сәуірінде зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға шоғырландыру аяқталған сәттен бастап, 2024 жылдың желтоқсанына дейін зейнетақы активтері **5 еседен** аса өсті.

2016 жылдан бастап зейнетақы активтеріндегі валюта үлесі **кезең-кезеңімен** 17%-дан **40%-ға дейін ұлғайтылды**. Сонымен қатар, валюталық активтерді **тиімді басқару** мақсатында валюталық портфельді актив кластары бойынша **стратегиялық мақсатты бөлу** белгіленді және **шетелдік басқарушы компаниялар** тартылды.

Белгілі болғандай, Мемлекет басшысының бастамасымен **халықты қолдау** мақсатында заңнамалық деңгейде БЖЗҚ салымшыларына өз зейнетақы жинағының жеткіліктілік шегінен асатын бөлігін **мерзімінен бұрын пайдалану** құқығы берілді. Бұл қаражатты тұрғын үй сатып алу, емделу, сондай-ақ жеке басқарушы компанияларға беру мақсатында қолдануға мүмкіндік туды. 2021 жылдың ақпан айынан бастап салымшылардың зейнетақы жинағының бір бөлігін мерзімінен бұрын алған қаражат көлемі шамамен **4,4 трлн теңгені** құрады. Оның негізгі бөлігі – **85%-ға** жуығы тұрғын үй мәселесін шешуге жұмсалды.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **теңгедегі портфельдің** көлемі **13,4 трлн** теңгені немесе БЖЗҚ зейнетақы активтерінің шамамен **60%-ын** құрады.

Теңгелік портфель құрылымында Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары – шамамен **70%**, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің облигациялары шамамен – **15%**, екінші деңгейлі банктердің облигациялары – **7%**.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары – елдің бағалы қағаздар нарығындағы **ең сенімді** әрі **өтімді** қаржы құралы саналады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін жергілікті нарықта инвестициялау **тұрақты инвестициялық табыс** алуға ғана емес, сонымен қатар елдің **әлеуметтік-экономикалық дамуына** да ықпал етеді.

2025 жылы жергілікті нарықта зейнетақы активтерін **нарық талаптарына** сай инвестициялау жалғасады. Бұл мемлекеттік бағалы қағаздарын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің облигацияларын, екінші деңгейлі банктердің облигацияларын және басқа да бағыттарды қамтиды.

Маңыздысы – БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау эмитенттерге және олардың қаражатты пайдалану мақсатына қарамастан тек **нарықтық ставкалармен** жүзеге асады,.

СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

2025 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша **валюта портфельінің** көлемі **17,2 млрд АҚШ долларына (9 трлн теңге)** немесе БЖЗҚ зейнетақы активтерінің шамамен **40%-ына** жетті. **Валюталық позицияның болуы** зейнетақы активтерінің портфельін **әртараптандыруға**, инвестиция **ауқымын** кеңейтуге және қаржы құралдарының тізімін ұзартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ұзақмерзімді перспективада инвестиция портфельін мейілінше **сапалы** әрі **табысты** етуге жол ашады.

Портфельдің валюта бөлігі **бөлу стратегиясына** сәйкес, **шетелдің негізгі актив кластарына** инвестицияланады. Оларға АҚШ қазынашылық облигациялары, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары, инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар және акциялар жатады.

Маңыздысы – валюталық портфельдің активтері **индекстік негізде** басқарылады, индекс таңдаулы инвестиция нарығындағы көптеген бағалы қағаздан тұрады. Мысалы, акциялар индексі **Apple, Microsoft, Tesla** және басқа да компаниялардың **1 000-нан астам эмитентінен** құралады.

Ұлттық Банк зейнетақы активтерін сақтауға және ұзақмерзімді перспективада **нақты кіріс алуға** бағытталған **теңгерімді инвестициялық**

саясат жүргізеді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің **табыстылығы 17,8%** болды, ал инфляция деңгейі – 8,6%. 2014 жылғы сәуірде зейнетақы активтерінің шоғырлануы аяқталған сәттен бастап 2024 жылға дейінгі **жиынтық табыстылық – 180,8%**, ал осы кезеңдегі жиынтық инфляция **156%** болды.

Осылайша, Ұлттық Банк зейнетақы активтерінің табыстылығын **инфляция деңгейінен жоғары** ұстауға қол жеткізіп отыр.

Зейнетке шыққан кездегі **табыс алмастыру коэффициентінің** деңгейіне әсер ететін негізгі фактордың бірі – зейнетақы активтерінің **нақты табыстылық** мөлшері.

2023 жылдың қорытындысы бойынша табыс алмастыру коэффициенті **42%** болды, оның **33%-ы** бюджетке тиесілі (23%-ы – ортақ және 10%-ы базалық зейнетақы), ал **9%-ы** жинақтаушы зейнетақыдан құралады.

БЖЗҚ-ның актуарлық бағалауына сәйкес, инфляциядан **200 б.т.** немесе 2% жоғары табыстылық деңгейі базалық зейнетақының үлесі **8%-ға** дейін төмендеген және ортақ зейнетақы **толығымен** жойылған жағдайда да, табыс алмастыру коэффициентінің қазіргі мәнін **сақтауға** мүмкіндік береді.

Ұлттық Банктің басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кейінгі 10 жылдағы **орташа жылдық нақты табыстылығы – 116 б.т.** құрады. Ал, инфляция 20%-дан жоғары болған 2022 жылғы дағдарысты кезеңді есептемегенде, бұл көрсеткіш шамамен **280 б.т.** болады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің **мақсатты жылдық нақты табыстылығын** ұзақмерзімді перспективада **200 б.т.-қа** жеткізу үшін жүргізілген талдау **жоғары табысты актив кластарының** валюта портфеліндегі үлесін ұлғайту қажет екенін көрсетті.

Есептеулер мен болжамдардан, сондай-ақ, акция мен баламалы құралдар сияқты жоғары табысты активтердің үлесін **40%-ға дейін** көбейту қажет екені анықталды. Соның ішінде **баламалы құралдарға** – хедж-қорлар, жеке капитал қорлары, жылжымайтын мүлік қорлары және басқа да активтерге – валюта портфелінің **10%-ына дейін** инвестициялау қарастырылған.

Баламалы құралдарды бүкіл әлемдегі **зейнетақы қорлары мен дербес қорлар** кеңінен қолданады, сондай-ақ олар 2015 жылдан бері

Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін және 2023 жылдан бастап **Ұлттық қор** активтерін басқаруда да сәтті қолданылып келеді.

Айта кететін маңызды мәселе – валюталық портфель неғұрлым табысты болған сайын, соғұрлым **құбылмалы** бола түседі. Кей кездерде портфель табыстылығының бөлігінде құбылмалылық болуы мүмкін.

Назарларыңызға рахмет!